



«Бекітемін»

«Абай
нің»

Торағасы –

атындағы ҚазҰПУ-
КЕАҚ Басқарма
Ректор м.а.

Т. Балықбаев
2021 ж.

СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН «ҰЛЫ ДАЛА НАУРЫЗЫ» ОНЛАЙН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Осы Ереже Студенттерге арналған «Ұлы Дала Наурызы» онлайн шығармашылық байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізудің мақсатын, тәртібі мен шарттарын, қатысушыларға қойылатын талаптарды, қорытынды шығару және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Байқау 2021 жылдың 15-25 наурыз күндері аралығында ұйымдастырылады.

1.3. Байқауға қатысушылар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің студенттері.

1.4. Байқау 3 бағытта жүргізіледі:

- «Менің өңірімдегі Наурыз» бейнеролик байқауы;
- «Қазақтың халық әндері» ән байқауы;
- «Ұлттық нақыштағы инстапарақша» креативтік байқау.

2. БАЙҚАУ МАҚСАТЫ

2.1. Жастар арасында ұлттық құндылықтарды кеңінен дәріптеу, оларды жаңа заманның мәдени үдерісімен сабақтастыру.

3. БАЙҚАУ ШАРТТАРЫ

3.1. «Менің өңірімдегі Наурыз» бейнеролик байқауы бойынша:

- бейнеролик 2-3 минуттан аспау тиіс;
- бейнеролик мазмұнында әр өңірдің өзіндік салт-дәстүрлері дәріптеліп, түсірілім барысында ұлттық киім, ұлттық тағам, ұлттық ойын ж.т. элементтер қамтылуы шарт.

3.2. «Қазақтық халық әндері» ән байқауы бойынша:

- байқауға қатысушы орындалатын әнін алдын ала бейнежазба ретінде **telegram** ұялы қосымшасына 8 708-457-10-жолдауы тиіс;

- бейнежазба 3-4 минуттан аспау тиіс;
- бейнежазда әнді орындау жанды дауыста болуы шарт. Ән минусовка немесе түрлі аспаптық сүйемелде болуы қажет;
- байқауға қатысушы әнді ұлттық киімде орындауы тиіс;
- орындалатын әндер міндетті түрде халық әндерінен болуы тиіс.

3.3 «Ұлттық нақыштағы инстапарақша» креативтік байқау бойынша:

Бұл институтаралық байқау болып табылады. Байқау барысында институттардың әлеуметтік желідегі инстаграм парақшалары 15 наурыздан бастап 25 наурызға дейін Наурыз тақырыбында жүргізілуі шарт. Парақша күнделікті жаңа және қызықты материалдарымен толықтырылып отырылуы қажет. Сонымен қатар, парақша дизайні ұлттық нақышта безендірілуі тиіс. Парақшада міндетті түрде #Uly Dala Naurzyzy хештегі және kazupu_zhastary, abai_university парақшалары белгіленуі шарт.


4. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

4.1 Шығармашылық жұмыстар 2021 жылдың 25 наурызына дейін telegram ұялы қосымшасында 8 708-457-10-48 нөміріне қабылданады.

4.2 Байқау ұйымдастырушылары: Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департамент, Жастар ісі жөніндегі комитет, Институттардың Студенттік өзін-өзі басқару кеңестері

4.3 Жеңімпаздарды марапаттау: I,II,III орындарға ақшалай сыйлықтар мен университет ректорының дипломы табысталады. Түрлі номинация иегерлері бағалы сыйлықтар және университет ректорының алғыс хатымен марапатталады.

Тәрбие жұмысы және әлеуметтік
даму жөніндегі проректор м.а.



Ж.Е. Ішпекбаев